

Тез бүлінетін тамақ өнімдерін халықаралық тасымалдау туралы және осы тасымалдарға арналған арнайы көлік құралдары туралы келісімді (СПС) қолдану жөніндегі құзыретті органдарды тағайындау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 шілдедегі N 724 қаулысы

1970 жылғы 1 қыркүйектегі тез бүлінетін тамақ өнімдерін халықаралық тасымалдау туралы және осы тасымалдарға арналған арнайы көлік құралдары туралы келісімге (СПС) (бұдан әрі - Келісім) қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдарымен практикалық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасында оның талаптарын қолдануды ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Келісімнің 4-бабының 2-тармағын қоспағанда Келісімді қолдану әрі орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың (келісім бойынша) тез бүлінетін тамақ өнімдерін халықаралық тасымалдауды ұйымдастыру мәселелері жөніндегі іс-қимылын үйлестіру үшін жауапты Қазақстан Республикасының құзыретті органы болып Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі тағайындалсын.

2. Келісімнің 4-бабының 2-тармағын қолдану үшін жауапты Қазақстан Республикасының құзыретті органы болып Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі тағайындалсын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысын қабылданған шешім туралы хабардар етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М. Мыңбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі